

**"Қазалы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы"
Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 121
қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 30 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазалы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 121 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4465 тіркелген, "Тұран Қазалы" газетінде 2013 жылы 3 шілдеде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Н. ШАМУРАТОВ